

"Кітаптар кеші" өтті

Жуырда облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында "Кітаптар кеші" үйимдастырылды.

Шара барысында ата-аналар мен балалар, әжелер мен немерелер Библ-бу планетасы виртуалды кітапханашыларымен бірге бос уақытты мағыналы өткізу үшін "Оқу залындағы кешкі рандевуға" қатысты.

Саяхаттар мен күрделі тапсырмаларды жақсы көрушілер

"Тірі парактар" атты квестің барлық тапсырмаларын орындаі отырып, күтпеген нәтижені көрді. Ал барлық ақылдыларды "Кітапты таны" интеллектуалды ойнын ойнады. Онда қатысушылар фильмдер түсіріліп, әндер жазылған сүйікті шығармаларын естеріне түсірді.

"Литературные мурашки" хоррор-шутер тапсырмалар мен мистика фанаттарына "Зомби мәтіндік шифрын" шешуге және "Франкенштейн зертханасында" болуға мүмкіндік берді.

Ең жас оқырмандарды "Домовой, Кикимора, Ши-

шига және басқалар" күтіп алды. Бірақ қоркыту үшін емес, кітапханалық ойнандар: белсенділер мен білім-күмарларға ариалған сынақтар мен сайыстар өткізу үшін. Балалар ертегілік балшық арқылы қын жолдан өтіп, қызықты викториналар мен көнілді ойындарға қатыса отырып, "Ертегі құпияларын" ашуға тырысты.

Қонақтар "Boom book" библиокафесіне кіріп, кітап кейіпкерлеріне жан біткенін көріп, бестселлерлер аукционына қатысты, және музыкалық нөмірлерді тамашалай алды.

Ән айтуды сүйеттің жандарды үйымдастыруышылар караокеде ән айтуга шақырды. "Жұлдызды кештің шаттығы" атты әдеби-музыкалық сандық ашылды да оның ішінен қазақстандық авторлардың өлеңдеріне жазылған әндер шырқалды. Болашакты болжағысы немесе өз мәселесін шешкісі келгендерге экстра-санс көмекке келді. Әдебия ханым кітаптар бойынша болжам жасап, тағдыр билетін сұруруға көмектесіп, "Уақыт тудырған ғажайыптар" атты әдеби сикыр сеністарын өткізді.

Аяу Төлеубек